

Шетел валютасында төлемдерді жүзеге асыру кезінде алушының дербес деректерін трансшекаралық беруге келісіммен сенім білдірілген тұлға және (немесе) заңды өкіл арқылы өтініш беру

Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім

«БЖЗҚ» АҚ-ға, БСН 971240002115:

- менің дербес деректерімді/төлемдерді алушының заңды өкілінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге, үшінші тұлғаларға беруге (оларды трансшекаралық беру және жалпыға бірдей қолжетімді көздерде тарату құқығынсыз);
- Қазақстан Республикасы шегінен тыс шетел банкіне төлемдерді жүзеге асыру кезінде төлемдерді алушының дербес деректерін жинауға, өңдеуге, үшінші тұлғаларға беруге және трансшекаралық беруге (жалпыға бірдей қолжетімді көздерде тарату құқығынсыз);
- ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы менің және төлемдерді алушының/төлемдерді алушының заңды өкілінің телефон нөмірлеріне және (немесе) электрондық мекенжайларға ақпараттық жіберілімдерді алуға келісімімді беремін.

Мен осы Келісімді Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңына сәйкес «БЖЗҚ» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өз міндеттемелерін орындағанға дейінгі мерзімге бердім. www.enpf.kz мекенжайы бойынша «БЖЗҚ» АҚ веб-сайтында орналастырылған, «БЖЗҚ» АҚ жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті Дербес деректер тізбесімен таныстым.